

FTAХР 16.01

А. Жұматай<sup>1</sup>, Қ. Мұхамади<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Сулейман Демирел университеті  
Алматы қ., Қазақстан

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАР ҚҰРАСТЫРУДАҒЫ ҰСТАНЫМДАР

**Аңдатпа.** Өзге ұлтқа қазақ тілін оқыту – өте күрделі мәселе болғандықтан, осы мәселені шешуде оқыту ұстанымдарының алатын орны ерекше. Мақала өзге ұлтқа қазақ тілін оқытуда деңгейлік тапсырмалар құрастырудың теориялық және әдістемелік негізін көрсетуге арналған. Ал қазақ тілін оқытуда деңгейлік тапсырмалар құрастыру концепциясы оқытудың ұстанымдарына негізделеді. Қазақ тілінің негізгі салаларын оқыту да нақты ғылыми дәлелдеулерге, ұғымдарға, басқаша айтқанда, ғылыми принципке сүйенеді. Мақалада қазақ тілін деңгейлік оқытудың нәтижелілігі ғылыми ұстанымнан өзге жүйелілік, көрнекілік, саналылық пен белсенділік, түсінуге жеңіл қолайлылық және оқытудың психологиялық ерекшелігін ескеру ұстанымдарын орынды қолдануға тікелей қатысты екенін тұжырымдалып, оқулықтарға талдау жасалып, нақты мысалдармен дәйектеліп берілген. Сондай-ақ ұстанымдарға сәйкес тапсырмаларды беруде ескерілетін нақты қағидалар қоса ұсынылады.

**Кілт сөздер:** қазақ тілі, ұстаным, деңгейлік тапсырма, құрастыру.

\*\*\*

**Аннотация.** Обучение представителей других национальностей казахскому языку - проблема важная, поэтому решение ее требует больших усилий. Данная статья посвящена основам составления разноуровневых заданий, а также теории и методике их использования. Изучение основных разделов казахского языка опирается на научные принципы. Приведенные в статье примеры обучения казахскому языку основаны на конкретных научных данных и научных принципах.

Статья содержит примеры не только уровней заданий, также представлены разноуровневые задания по казахскому языку, выполнение которых оказывает наибольший положительный эффект в учебном процессе, так как даёт ученикам с разными познавательными возможностями почувствовать уверенность в своих силах. Такие задания, по мнению авторов, помогают выявлять уровень сформированности системы качества знаний учащихся, способствуют развитию самооценки обучающихся.

**Ключевые слова:** казахский язык, принцип, уровневые задачи, построение.

\*\*\*

**Abstract.** Teaching representatives of other nationalities to the Kazakh language is an important problem, so its solution requires effort.

The article is devoted to the basics of compiling different levels of tasks, as well as the theory and methodology of their use. The study of the main sections of the Kazakh language relies on scientific principles. The given examples of teaching the Kazakh language are based on specific scientific data and scientific principles.

The article is full of examples not only of level tasks, but also multilevel tasks in the Kazakh language, the fulfillment of which has the greatest positive effect in the educational process, as it gives students with different cognitive abilities to feel self-reliance. Such tasks help to identify the level of the formation of the system of qualities of students' knowledge, promotes the development of self-esteem training.

**Key words:** kazakh language, principle, level problems, construction.

Өзге ұлтқа Қазақ тілін оқыту мәселесі – өте күрделі мәселе. Осы мәселені шешуде оқытудың ұстанымдарының алатын орны ерекше. Педагогика теориясында ұстаным біртұтас педагогикалық үдерістің аса маңызды категорияларының біріне жатады. Соңғы жылдарға дейін ұстаным «принцип» делініп келді.

Ұстанымдар – бұл педагогтың өзінің тәжірибелік іс-әрекетінде және мінез – құлқында басшылыққа алатын негізгі, бастапқы жағдайлары. Оқыту ұстанымдары – оқытудың мазмұнына, ұйымдастырылуына және әдістемесіне қойылатын талаптар жүйесін анықтайтын негізгі жағдайлар [1]. Принцип - латын сөзі, қазақша «негіз» деген сөз. Оқыту принциптері (ұстанымдары) – мұғалім мен оқушылардың жұмысын реттеп отыратын ережелер. Сондықтан ол барлық пәндерді оқытқанда қолданылады. Оқыту ұстанымдарына сәйкес оқытуға қойылатын талаптар тұжырымдалады. Оларды орындаған педагог өз еңбегінде жақсы табыстарға жетеді [2].

Оқыту ұстанымдарының жүйесін тұңғыш ұсынған – Я.А.Коменский. Ол адам табиғаттың бір бөлігі болғандықтан, оқыту да табиғат пен адам тәуелді болатын заңдарға байланысты екенін дәлелдейді. Сондықтан оның пікірінше: «Оқытудың ең басты принципі - табиғатқа сай болу принципі». И.Г.Песталоцци оқытудың көрнекілік принципін ерекше бағалап, оны логикалық ойлауды дамытатын маңызды құрал деп санаған. К.Д.Ушинский оқытудың халықтық сипатына баса назар аударып, оқытудың принциптерін психологиялық тұрғыдан қараған. Ы.Алтынсарин оқыту ережелерін қазақ мектептеріндегі білім берудің ерекшеліктеріне байланысты қолдану керектігін айтқан. Г.И.

Щукина «Оқыту принципін дидактиканың тұғырлы ережелері, оқыту процесіне қойылатын негізгі талаптар» - деп тұжырымдайды. П.И.Пидкасистый «қазіргі заманғы дидактикада оқыту ұстанымдары оқытушылық іс-әрекетке қажет болатын нұсқаулар ретінде қарастырылады» десе, Е.И.Щербакова «ұстаным» ұғымына мынадай анықтама береді: «принцип (латынша *prinsipium* - бастапқы, негіз) - іс-әрекеттің аумағында басшылыққа алынатын негізгі бастапқы ережелер», - дейді [3]. Жоғарыда келтірілген оқытудың ұстанымдарын саралай келе, оқытудың төмендегідей түрлерін жүзеге асыруға болатыны байқалды:

*Қазақ тілін оқытудың ғылымилық ұстанымы*

Қазақ тілінің негізгі салаларын оқыту да ғылыми фактілерге, дәлелдеулерге, ұғымдарға, екінші сөзбен айтқанда, ғылыми принципке негізделеді. Сонымен қатар меңгерілетін тақырыптарды өзіндік белгілерінің, анықтамалар мен ережелерінің, берілетін практикалық дағдылардың дәл, анық болуы білім алушылардың тілдік материалды жан-жақты түсінуіне септігін тигізеді. Сөйтіп, қазақ тілін оқыту барысында оқытушы берілетін білімнің (тақырыптың) ғылыми жағына, оның зерттелуі, тарихи даму ерекшелігі, ғылыми фактілер, анықтамалар, терминдерді тіл үйренушілердің жас ерекшелігіне қарай түсінікті айту арқылы жүргізеді.

Мысалы, Ф.Оразбаева, А.Рауандина, Ж.Дәулетбекова, Р.Рахметова, Е.Қасенов авторлығындағы 9 сынып үшін «Қазақ тілі. Тіл-орда, орта деңгей В1 – Қалыптасқан толық игерім» 1-бөлім оқулығында «Күшейткіш үстеу» төмендегідей жаттығулар арқылы түсіндіріледі:

*Кесме 1.*

Ф. Оразбаева, А. Рауандина, Ж. Дәулетбекова, Р. Рахметова, Е.Қасенов авторлығындағы 9 сынып үшін «Қазақ тілі. Тіл-орда, орта деңгей.

КҮШЕЙТКІШ ҮСТЕУ

Күшейткіш үстеу сынның немесе қимылдың, іс-әрекеттің белгісін, сапасын тым күшейтіп не солғындатып көрсетеді. Күшейткіш үстеулер көбінесе сапалық сын есімдермен тіркесіп жұмсалады да, сөз мағынасын күшейте түседі. Мысалы: ең әдемі, тым биік, өте жақсы, аса терең, орасан зор, т.б. Кейбір күшейткіш үстеулер етістікпен

В1 – Қалыптасқан толық игерім» 1-бөлім оқулығындағы тапсырма.

Кесте 2.

Ф.Оразбаева, А.Рауандина, Ж.Дәулетбекова, Р.Рахметова, Е.Қасенов авторлығындағы 9 сынып үшін «Қазақ тілі. Тіл-орда, орта деңгей».

Күшейткіш үстеу	
Сұрағы:	Қандай?
Мысалдар:	ең әдемі, тым биік, өте жақсы, аса терең, орасан зор
Сұрағы:	Қалай?
Мысалдар:	мүлдем білмейді, әбден түсіндірді

В1 – Қалыптасқан толық игерім» 1-бөлім оқулығындағы ереже.

*Жүйелілік ұстанымы*

Қазақ тілін оқытуда оқытушының бірінші басшылыққа алатыны - жас ерекшелігіне байланысты білім көлемінің және тақырып үндестігінің бір жүйеде берілуі. Бағдарламада берілген материалдың орналасу жүйесі бастауыш сыныпта, орта және жоғарғы сыныпта көрсетілген. Берілген материалдар сабақтаса отырып, толықтырылып, кеңейтіліп, сатыдан сатыға өткен сайын тереңдеп ғылыми жағынан байып отырады. Мысалы, А.Т. Бозбаева-Хунг, А.К. Балабеков, Г.Қ. Досмамбетова, Б.О. Салыхова, Ә.Ж. Хазимованың авторлығында 2012 жылы жарық көрген «Қазақ тілі. Орта деңгей» оқулығында тақырыптар төмендегідей берілген:

**БІРІНШІ САБАҚ**

Бұрынғы өткен шақ

- *Таныс болыңыздар.*
- *Танысқанымға қуаныштымын*

**ЕКІНШІ САБАҚ**


Сын есім. Салыстырмалы шырай

- *Қай жақтан боласыз?*
- *Кешіріңіздер, сіздермен танысқым келеді.*

Сур.1. А.Т. Бозбаева-Хунг, А.К.Балабеков, Г.Қ.Досмамбетова, Б.О.Салыхова, Ә.Ж.Хазимованың авторлығында 2012 жылы жарық көрген «Қазақ тілі. Орта деңгей» оқулығында берілген тақырыптар.

Мұндағы «Таныс болыңыздар» тақырыбы өзінің заңды жалғасы болған «Танысқанымға қуаныштымын», «Қай жақтан болсыз?», «Кешіріңіздер, сіздермен танысқым келеді» тақырыптарымен ұласып отырады. Сонымен қатар дәл осы ұстаным оқулықтағы деңгейлік

тапсырмаларымен де астасып жатады. Мысалы, «Сұрау есімдігі» тақырыбын өткен кезде төмендегідей тапсырмалар берілген:



7. Тыныс белгілерін қойып, сұраулы сөйлемдерді сол жаққа, хабарлы сөйлемдерді оң жаққа теріп жазыңыз.

Бүгін анам келеді Жауабыңызды қашан айтасыз Асқар – есепші Әлима әнші емес Қайда барасың Компьютерің керемет екен Қандай сұрақ Қай кітап қызық Жемістің бәрі пайдалы Белдемшенің қайсысы әдемі



Сур.2. А.Т. Бозбаева-Хунг, А.К.Балабеков, Г.Қ.Досмамбетова, Б.О.Салыхова, Ә.Ж.Хазимованың авторлығында 2012 жылы жарық көрген «Қазақ тілі. Орта деңгей» оқулығында берілген тапсырма.

Тапсырмаға назар аударсақ, тек қана мәтіндегі сұраулы және хабарлы сөйлемдерді бөліп жазу берілген. Алайда, сол сөйлемдердегі кездесетін сөздер сұрау есімдігімен тікелей байланысты. Мысалы, «Бүгін анам келеді» сөйлемінде еске еріксіз «Қашан?» сұрау есімдігі келеді. Яғни, тапсырмадағы қайталау және жаңа тақырыпты меңгерту жүйелі түрде көрініс тапқан. Бұл тілді оқытудағы жүйелілік ұстанымының сақталғандығының көрінісі болып табылады.

#### *Көрнекілік ұстанымы*

Көрнекілік принципі пәнді оқыту ісінде өте маңызды орын алады, тілді оқытуда ерекше қызмет атқарады.

Жаратылыс көрнекілігі. Білім алушыларды табиғатқа экскурсияға апару арқылы шағын әңгіме, мазмұндама, шығарма жаздыру. Мысалы, «Театр» тақырыбын өткен кезде Мұхтар Әуезов драма театрына тіл үйренушілерді апарып, сонда ашық сабақ өткізуге болады.

Көлемдік көрнекілік: фото, суреттер, картиналар, диафильм, диапозитив, кинодан фрагмент, т.б. көрсету арқылы тақырыпқа байланысты әңгіме құрастыру. Мысалы:

**ЖАЗЫЛЫМ**

1. Суреттерді қолданып, сюжетті мәтін жазыңыз.



Сур.3. А.Т. Бозбаева-Хунг, А.К.Балабеков, Г.Қ.Досмамбетова, Б.О.Салыхова, Ә.Ж.Хазимованың авторлығында 2012 жылы жарық көрген «Қазақ тілі. Орта деңгей» оқулығында берілген тапсырма.

Дыбыстық көрнекілік: күйтабақ, грампластинка, магнитофон, үзінді оқып талдату. Бұл көрнекіліктің түрін жүзеге асыру үшін электрондық кітаптар немесе аудиодисктерді, бейнефильмдерді қолданған дұрыс. Бүгінгі күні деңгейлік тапсырмалар негізінде орта деңгейді оқытатын оқулықтарда міндетті түрде аудио CD немесе электрондық бағдарлама қатар жүреді.


Бұл көрнекілікпен берілген деңгейлік тапсырмалар орта деңгей үйренушілері үшін өте маңызды. Себебі: сәйкестендіру, кестені толтыру, диаграмманы жалғастыру сияқты тапсырмалар тіл үйренуді әлдеқайда жеңіл әрі түсінікті ете түседі.

Қазақ тілі сабағына тақырыптың ыңғайына қарай, жоғарыда айтылған қажетті көрнекілік таңдалады. Бұл көрнекіліктің барлығы дерлік орта деңгей оқулықтарының тапсырмаларында кеңінен қолданылады.

Көрнекі құралдар білім алушыны қызықтыру қызметін де атқарады. Ол оның зейінін ұйымдастыруда да маңызды. Сонымен бірге әрі көру, әрі есту, әрі ойлау сияқты бірнеше сезіну түрлерінің қатысы тілдік мәліметтің ұзақ сақталуына әсер етеді.

*Саналылық пен белсенділік ұстанымы*

Орта деңгей үйренушілеріне қазақ тілінен білім беру барысында олардың саналы түсіну қабілеті дамытылып отырылады. Тілдік фактілерге байланысты мәліметтерді білім алушылар жаттанды түрде емес, саналы түрде меңгеруі керек.



Сур.4. «Казтест» электронды оқулығы: А1. Графикалық символдық көрнекілік: картина, схема, таблица, диаграммалар.

Осыған орай Ф. Оразбаева, А.Рауандина, Ж. Дәулетбекова, Р. Рахметова, Е. Қасенов авторлығындағы 9 сынып үшін «Қазақ тілі. Тіл-орда, орта деңгей В1- Қалыптасқан толық игерім» оқулығында төмендегідей жұмыс түрлері іске асқан:

- 1) Тілде берілетін мәліметтер жеке түсіндіріп, ол мәліметтерді өз түсінігі бойынша оқушының өзіне айтқызған. Түсіндіру кезінде объектілердің өзіндік белгілері толық қамтылған;
- 2) Түрлі жаттығу жұмыстарын жүргізу арқылы оқушылар тапсырманы еркін орындайтындай жағдай жасалған;
- 3) Күнделікті, тоқсандық және жылдық қайталаулар кезінде өткен материалдарға байланысты сұрақтар берілген (нәтиже сабақтар);
- 4) Орфография мен орфоэпияға байланысты дағдыларды қалыптастыру ескерілген;

5) Күнделікті өмір қажетіне қарай практикалық дағдыларды саналы түрде меңгеру жүйесі жасалған [4].

*Теорияны практикамен байланыстыру ұстанымы*

Оқу орнында қазақ тілінен алынған теориялық білімді күнделікті өмір қажетіне қолдана білу теорияны практикамен байланыстыру принципі болып табылады. Орта деңгейде білім алушыларға қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағдылар беріледі. Осы алған білімдерін кеңейте отырып, оны күнделік өмір қажетіне жаратады.

Мысалы:



Сур.5. А.Т. Бозбаева-Хунг, А.К.Балабеков, Г.Қ.Досмамбетова, Б.О.Салыхова, Ә.Ж.Хазимованың авторлығында 2012 жылы жарық көрген «Қазақ тілі. Орта деңгей» оқулығында берілген тапсырма.

Суретке назар аударсақ, тапсырмаға сәйкес білім алушылар тақырып аясында меңгерген жаңа сөздерді қолдана отырып суреттерді белгілейді. Яғни, осы бір тапсырма арқылы суретте берілген өмірлік жағдаяттарды тани отырып, жаңа сөз қандай жағдайда қолданылатынын түсінеді. Бұл тапсырма – тақырыптың практикалық тұрғыда жүзеге асуының көрінісі болып табылады.

*Түсінуге жеңіл қолайлылық ұстанымы*

Дидактиканың түсінуге жеңіл қолайлылық принципінің де маңызы зор. Бұл сабақтың алғашқы күнінен бастап үнемі сақталуға тиісті. Мысалы, алғашқы үйретілетін сөзді таңдауда бір буынды сөзді үйрету мен көп буынды сөзді үйретуді салыстырып, оқушы оның қайсысын тез

үйренеді деген сұраққа тәжірибелі мұғалімдер бір буынды сөзді оқушы тез үйренеді деп жауап береді. Яғни, орта деңгей тапсырмалары тіл үйренушіге толықтай түсінікті болуы тиіс. Ол үшін оқулықтарда берілген тапсырмалар осы ұстанымға негізделіп жасалуы тиіс.

*Оқытудың психологиялық ерекшелігін ескеру ұстанымы*

Әр сыныптың өз білім деңгейі болатыны белгілі. Сонымен қатар оқушының өзіндік жас ерекшелігі мен психикалық ерекшелігі бар. Орта деңгей оқулықтарының бірінде төмендегідей тапсырма мәтін берілген:

1. Мәтінді оқыңыз.

**ШЕГЕНІҢ ІЗІ**

Бір мінезі жаман жас жігіт болыпты. Бір күні әкесі оған бір жәшікті беріпті. Жәшіктің іші шегеге толы екен. Жігіт: «Әке, маған мына жәшік пен шеге не үшін керек?» - деп сұрапты. Әкесі: «Достарыңмен әр жанжалдасып немесе ренжісіп қалған кезде мына тақтайға бір шегеден қағып отыр», - депті.

Алғашқы күні жігіт тақтайға 10 шеге қағыпты. Одан кейінгі апталарда жігіт шегенің санын азайта бастапты.

Бір айдан кейін тақтайға мүлде шеге қақпапты. Бұл жайды әкесіне айтыпты. Сонда әкесі жігітке тақтайды көрсетіп: «Ал енді, балам, бүгіннен бастап, достарыңмен татуласқан, олардан ренжіткенің үшін кешірім сұраған әр күнің үшін тақтадан бір шегеден суырып алып таста», - депті.

Біраз күндер өтіпті. Бір күні қараса, тақтайдағы барлық шегені суырып біткен екен. Сонда әкесі баласына тақтайды көрсетіп: «Балам, жарайсың, жарадың, - депті, алайда, мына тақтайға жақсылап қарашы. Шегелерді суырғанда қалып қойған көп тесікті көріп тұрсың ба? Демек, тақта бұрынғыдай таза қалпында, өдемі болып қалмайды деген сөз. Достарыңмен ренжіскенде, бір-біріңді түсінбеген кезде жаман сөздер айтылады. Әрбір айтылған жаман сөз өзінің артына мына шегелер сияқты қара тесік қалдырады. Жолдасың да, сен де өзара кешірдік, енді қайтадан достық дегенмен, дәл мына тесіктер секілді көңілде кірбің қалады. Бұл - шындық. Сондықтан дос қадірін біліп, ешкіммен ренжіспейтін, араздаспайтын бол, балам. Әрқашан тату болғаның жақсы», - деген екен әкесі.

*Губратнама. www.muftyat.kz сайтынан өңделіп алынды.*



Сур.6. А.Т. Бозбаева-Хунг, А.К.Балабеков, Г.Қ.Досмамбетова, Б.О.Салыхова, Ә.Ж.Хазимованың авторлығында 2012 жылы жарық көрген «Қазақ тілі. Орта деңгей» оқулығында берілген тапсырма.

Берілген мәтінді талдай келіп, баяндалған оқиға жас буын және ересектер үшін де қызықты әрі маңызды екенін көруге болады. Демек, орта деңгейде берілетін мәтіндер «әмбебап» мәтіндер болуы тиіс.

Сондықтан да қазақ тілін оқытуда осы ерекшеліктер ескеріліп, тілдік материал соған лайықталып берілген. Қазақ тілін оқытуда осы ұстанымдар сақталса, ол білім алушының тақырыпты меңгеруіне қолайлы жағдай тудырады [5].

Сөз етілген ұстанымдар мен тапсырмалардың ерекшелігін талдай келіп, төмендегі берілген кестеге сай нәтиже шығаруға болады.

Кесте 3.  
Ұстанымдарға сәйкес тапсырмаларды беруде ескерілетін қағидалар

Ұстанымдар	Деңгейлік тапсырмалардың ерекшелігі
Ғылымилық ұстаным	Берілетін тапсырмалар тақырып аясын қамти отырып, теориялық білімге негізделуі тиіс
Жүйелілік ұстанымы	Тапсырмалар арасында бірізді байланыс болуы тиіс
Көрнекілік ұстанымы	Тапсырмалар білім алушыны жалықтырмайтындай, көркем безендірілген болуы керек
Саналылық пен белсенділік ұстанымы	Тапсырмалар жеңілден ауырға қарай құрылып, білім алушының белсенділігін тудыруы керек
Теорияны практикамен байланыстыру ұстанымы	Тапсырмаларда қамтылған білім міндетті түрде өмірмен байланысты болуы керек
Түсінуге жеңіл қолайлылық ұстанымы	Тапсырмалар білім алушылардың жас және өзіндік ерекшелігін ескере отырып жасалуы тиіс
Оқытудың психологиялық ерекшелігін ескеру ұстанымы	Тапсырмалар психология ғылымы тұрғысынан негізделген қағидаларға сүйене отырып жасалуы керек

Қорыта келгенде, жоғарыда аталған ұстанымдар деңгейлік тапсырмаларды ұтымды құрастыруға бағытталатындықтан, ол орта деңгейдегі тіл үйренушілердің дағдысын ғана арттыратып қоймайды, сонымен қатар олардың білім алуын қызықты әрі жеңіл ете түседі.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Құрман Н.Ж. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері.– Астана: Тіл комитеті, Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2008. – 160 б.
- 2 Құрманова Н.Ж. Қазақ тілін дамыта оқыту технологиясы. – Монография / Н.Ж. Құрманова. – Астана: Мемлекеттік тілді жеделдете оқыту республикалық орталығы, 2007. – 160 б.
- 3 Колеченко А.К. Энциклопедия педагогических технологий / А.К. Колеченко. – Санкт-Петербург, 2002. – 368 с.
- 4 Қоянбаев Ж. Педагогика: жоғары оқу орындарына арналған оқулық / Ж. Қоянбаев. – Алматы, 1992. – 240 б.

5 Абасилов А. Мемлекеттік тілдің Қазақстан Республикасының солтүстік аймағындағы қызметі: социолінгвистикалық проблемалары, оларды шешу жолдары: Фил. ғыл. канд. дисс. / А. Абасилов – Алматы, 1998. – 132 б.

FTAХР 16.01

*А.Е. Махмұд<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Сулейман Демирел университеті  
Алматы қ., Қазақстан

## ТҮРІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ БІРІККЕН СӨЗДЕРДІҢ ЕМЛЕСІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

**Аңдатпа.** Қазіргі таңда қазақ орфографиясында сөздердің бірге, бөлек жазылу мәселесі күн тәртібінен түспей келе жатқаны секілді, түркі тілдерінде де емле ережелерінің өзекті тақырыбы екендігі айдан анық. Мақаламызда да қазақ тілінің және түркі тілдерінің ішіндегі түрік тілінің емле ережелеріндегі сөздердің бірге не бөлек жазылу мәселесі сөз болады. Әуелі түрік тіліндегі біріккен сөздер емлесіне тоқталып, олардың қандай жағдайларда бірге жазылуы тиіс деген сауалға жауап іздеуге тырыстық. Қорытындылай келе, қазақ тіліндегі бірге жазылатын сөздер емлесімен ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындауға тырыстық. Сондай-ақ, бөлек жазылатын сөздер емлесін де сөз етіп, олардың да ұқсастықтары мен ерекшеліктеріне тоқталдық. Яғни тілдерге тән ерекшеліктерді айта отырып, бірге жазылатын сөздер емлесінің кейбір шешімін таба алмай келе жатқан мәселелеріне жауап іздеу мақсатын да алға қойдық.

**Кілт сөздер:** емле, орфография, орфограмма, біріккен сөз, формалды белгі, денотаттық мағына.

\*\*\*

**Аннотация.** Сегодня правила правописания слитных и раздельных слов в казахской орфографии, как и в орфографии турецкого языка является как никогда актуальной. В данной статье рассматривается тема слитного и раздельного написания слов в казахском и в турецком языках, а в частности - в турецком языке. Рассматривая правила объединения слов в турецком языке, авторы попытались найти ответ на вопрос: в каких случаях они пишутся вместе. В заключении авторы статьи представили свое видение сходств и различий правописания в казахском и турецком языках, также попытались разъяснить сходство и различие правописания раздельных слов. Таким образом, отмечая характерные особенности данных языков, авторы поставили себе цель